

Исатай мен Махамбет

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Көтерілістің себептері. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Бөкей хандығында (1801 жылы 11 наурызда құрылды) ауылдардың еңбекші халқына жасалған экономикалық қысым күшейіп, ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық укладтың бірқатар маңызды жақтары күрт күйреді.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Астрахань губернаторының үйінде тәрбиеленген Жәңгір хан қырға хандықтағы қоғамдық тұрмыс пен саяси құрылымді кейбір әдет-ғұрыптық институттардан бастап жер жөніндегі қатынастарға салық саясатына және хан сарайына дейінгінің бәрін қайта құрамын деген «аристократтық өркениеттік» жоспарлармен оралды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Артта қалған жартылай көшпелі қазақ қоғамы негізінде ол хан өкіметіне де патша тағының саясатына да, бірдей дәрежеде құлақ асқыш өзінше бір үлгідегі регионалдық хандық құрмақ болды. Алайда көшпелі және жартылай көшпелі ұжымдар ханның бұл «еңгізбекші жаңалықтарын» қабылдауға дайын емес еді.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Хан өкіметінің патша әкімшілігінің органдарына және ірі жергілікті феодалдық шонжарларға арқа сүйеп барынша күш сала жүргізген саясаты феодалдық және отаршылдық езгінің күрт күшеюіне, шонжарлардың ауылдық-қауымдық жерлерді жаппай тартып алуына әкеліп соқтырды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Осының салдары ретінде бұл саясат шаруашылық өмірдің берекесін кетірді, ауыл ұжымдарының экономикалық күшеюсін құлдыратты, кедейленген және кедей шаруашылықтар санын көбейтті, халықтың арасында сенімсіздікті күшейтіп, хан өкіметінің беделін күрт түсірді, орныққан тәртіпті өзгертпекші ниеттерді туындатты.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Осындай жағдайда әсіресе 1836-1837 жылдары хандықтың іргесін шайқалтқан қазақ малшы шаруа бұқарасының көтерілісі болды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- o Көтерілістің негізгі себептері:
- o - Ақшалай салықтың өсуі;
- o - Күз сайын әр шаңырақтың хан сарайының мұқтажына құны 70 сомдық жылқы беруге міндеттенуі;
- o - Көшіп-қонғаны, шөп жинағаны , орыс помещиктерінің шабындығын басып өткені үшін салық төлеуі;
- o - Жәңгір ханның әділетсіздігі мен рақымсыздығы.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- o 1833 жылы Жәңгір ханның қайын атасы Қарауылқожа Бабажанұлын Каспий теңізі өңіріндегі қазақ руларына билеуші етіп тағайындауы-көтеріліске түрткі болды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Көтерілістің негізгі қозғаушы күші- шаруалар, сонымен бірге оған старшын, билер де қатысты. Көтеріліс басшылары Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Ел аузындағы әңгімеде Исатай Тайманұлы Атырау облысы, Қызылқожа ауданы, Жанкелдин совхозы Тайман жолы деген жерде 1791 жылы көшпелі шаруа отбасында дүниеге келген.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Исатайдың жастық шағында оған өте үлкен ықпал жасаған адамның бірі немере ағасы Жабал Бегәліұлы болған. Ол Исатайдың өсіп, азаматтық көзқарасының қалыптасуына, жетілуіне ықпал жасап, тәрбиелеген.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Бөкей хан Исатайды 1812 жылы 21 жасында Беріш руының Жайық бөлімінің старшины етіп тағайындап, 1814 жылы Орынбор шекаралық комиссиясы старшындыққа бекітті.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- o 1817 жылдан бастап, батырдың патша чиновниктерімен байланысы салқындай бастады.
- o 1817, 1823 жылдары Орынбор генерал-губернаторының нұсқауымен сотқа тартылды.
- o Исатайдың ең жақын серігі –ақын, Беріш руының старшины Махамбет Өтемісұлы (1804-1846 жж.).

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- 1829 жылы 15 шілде - 1830 жылы қыркүйек аралығында Махамбет Калмыков түрмесіне қамалды. Оған халық арасында хан иелігінен кетуге және жайықтың сол жағасына өтуге үгіт жүргізді деген айып тағылды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Махамбет орыс жазушысы әрі этнограф Р.И.Дальмен және оқымысты саяхатшы Г.С. Карелинмен тыыз қарым-қатынаста болды. Оның өлеңдерінен Кіші жүзді қамтыған көтерілістің мақсаттарын, басты талаптарын айқындауға болады.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- o Көтерілістің басты мақсаты:
- o Хан озбырлығына шек қою.
- o Шаруалар жағдайын жақсарту.
- o Жер мәселесіндегі патша үкіметінің отаршылдық саясатын өзгерту.
- o Әскери бекіністердің салынуын тоқтату.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- o Көтерілістің жеңілуі:
- o Исатай басқарған көтерілісті тез талқандау үшін, Орынбор губернаторы В.А.Перовский барлық күштерді жұмылдыра бастады. В.А. Перовский бұл көтерілістің Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт азаттық көтеріліспен бірігуінен сескенді. Подполковник Гекке басқарған жазалаушы отрядтар Исатай қолын талқандау үшін аттанды. Исатай 500 сарбазымен сұлтан Айшуақұлына соққы беру үшін, Қайыпқали тобынан бөлінді. Айшуақұлы тобының Гекке тобымен қосылып, үлгергенін батыр байқамады.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- o Көтерілістің жеңілуі:
- o 1838 жылы шілденің 12-сінде Ақбұлақ деген жерде көтерілісшілер Гекке мен Айшуақұлы басқарған отрядтан жеңілді. Ауыр жараланған Исатайды казактар қылышпен шауып, атып өлтіреді.
- o Көтерілістен кейінгі жылдарда шаруалардың ауыр жағдайы өзгермеді.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Көтерілістің жеңілу себептері.
- Үстем тап өкілдерінің опаздығы.
- Көтеріліс басшыларының Кіші жүздегі және Ішкі Ордадағы көтерілістерді біріктіре алмады.
- Қару – жарақтың теңсіздігі.
- Стихиялығы, ұйымшылдықтың жеткіліксіздігі.
- Патша үкіметінің жазалау отрядтарының күші басым болуы.
- Көтерілісшілердің бір бөлігінің өз ісіне сенімсіз болуы.
- Көтеріліс жергілікті (локальдық) сипатта болды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Көтерілістің жеңілу себептері.
- Үстем тап өкілдерінің опаздығы.
- Көтеріліс басшыларының Кіші жүздегі және Ішкі Ордадағы көтерілістерді біріктіре алмады.
- Қару – жарақтың теңсіздігі.
- Стихиялығы, ұйымшылдықтың жеткіліксіздігі.
- Патша үкіметінің жазалау отрядтарының күші басым болуы.
- Көтерілісшілердің бір бөлігінің өз ісіне сенімсіз болуы.
- Көтеріліс жергілікті (локальдық) сипатта болды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- o Көтерілістің тарихи маңызы:
- o 1836 – 1838 жылдардағы көтерілістің тарихи маңызы зор болды.
- o 1. Жәңгір хан және оның маңайындағылардың озбырлығына белгілі дәрежеде шек қойылды.
- o 2. Патша үкіметі аз болса да, көтеріліске қатысқан қазақ ауылдарының мүдделерімен санаса бастады.
- o 3. Көтеріліс қазақ үстем тап – феодалдарының опасыздығын дәлелдеді.